



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 90 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**ҚР Ұлттық Банкінің банкноттары үш жыл қатарынан  
«Жылдың үздік банкноты» дәрежесіне ие болды**

**2014 жылғы 5 желтоқсан**

**Лозанна**

Кеше Швейцариялық Лозаннада «Beau-Rivage Palace» отелінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері «Жылдың үздік банкноты» номинациясында награда алды. Халықаралық банкнот қоғамдастығы (International Bank Note Society) «Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған, номиналы 1000 теңгелік ескерткіш банкнотты ең үздік деп таныды.

Номинанттар ретінде АҚШ доллары (номиналы 100 долларлық банкнот), еуро (5 еуро), Канада доллары (10 доллар), Ресей рублі (100 рубль), Бразилия реалы (5 реал), Ливия динары (5 динар), сондай-ақ Исландия, Ливан, Соломон аралдары, Барбадос, Фиджи банкноттары болды.

Конкурстың ұйымдастырушылары мәлімдегендей, Қазақстан Халықаралық банкнот қоғамдастығының сарапшыларын банкноттардың тұрақты жоғары сапасымен және жоғары қорғау дәрежесімен таң қалдырады.

2011 жылы номиналы 10000 теңгелік банкноттың, ал 2012 жылы 5000 теңгелік банкноттың үздік деп танылғанын еске салған жөн.

Іс-шара шеңберінде Қазақстанның даму тарихын көрсететін көрме ұйымдастырылды.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).*